УДК 575.73

Б.Б. МАНСҰРОВ

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
III курс PhD докторанты

ТҮРКІ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПАЙҒАМБАР ХАДИСІНІҢ ОРНЫ

Аннотация

Мақалада Түркі әдебиетінің тарихында өзіндік ерекше орны бар кемеңгер тұлғалар Йүсүп Баласағунидің «Құтадғу билиг», Махмұд Қашғаридің «Диуану луғат ит-турк», Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақаиқ» және Қожа Ахмед Йассауидің «Диуан әл-хикмет» атты еңбектерінде кездесетін Пайғамбар хадистерінің рөлі мен орны, қолданылу аясы салыстырмалы түрде қарастырылады.

Кілт сөздер: Түркі әдебиеті, өлең шумақтар, ислам мәдениеті, хадис.
Ключевые слова: Турецкая литература, стихи, Культура Ислама, Хадис.
Keywords: Turkish literature, poetry, culture of Islam, hadith.

Түркі ислам әдебиетінің тарихында бірегей туындылар арасында ең маңыздылары деп: Йүсүп Баласағунидің 1069-1070 жылдары этикалық насихатта жазылған «Құтадғу билиг» еңбегін, Махмұд Қашғаридің 1074 жылы арабтарға түрікшені үйрету мақсатында қалам тербеген «Диуану луғат ит-турк» атты еңбегін, осылардан шамамен бір ғасыр кейін дүниеге келген (XII ғ.) Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақаиқ» еңбегі мен Қожа Ахмед Йассауидің «Диуанул-хикмет» атты еңбектерін атауға болады.

Түркі әдебиетінде аталмыш ғалымдар мен ойшылдардың әрқайсысының біздер үшін өзіндік ерекше орны бар. Олардың барлығы түркі әдебиет саласының үлкен кемеңгер ұстаздары мен ғалымдары және ислам ілімі мен мәдениетін терең меңгерген тұлғалар деп айтуға болады. Бұл еңбектердің қай-қайсысын зерделер болсақ, ислам шариғатының түп қайнары саналатын Құран аяттары мен хадистердің іздерін әбден көруге болады. Олардың кейбірінде аят не хадис екендігі нақты айтылмаса да, келтірілген мәтіндерден «Расул айтты», «Мұхаммед деді» деген сияқты тіркестер мен бәйіттердің (дастандардың) астарлы мағынасынан аят пен хадиске сілтеме жасалып тұрғанын аңғара аламыз.

Түрік ізденушісі Г.Зүлфикар: «Бұл еңбектердің жазылған дәуіріне көз жүгіртер болсақ, фиқһ мектептерінің құрылып, ислам әлемінде ең сенімді хадис әдебиеттері саналатын «Кутубу әс-ситтә», яғни әйгілі алты имамның хадис кітаптарының жазылып біткендігі мен түркі халықтарының түгелдей Исламды қабылдаған уақытының тамамдалғандығын көреміз. Бір сөзбен айтқанда, бұл еңбектердің мазмұнында Құран аяттары мен Пайғамбар хадистерінің әсер етуі табиғи жайт», – дейді [1, 202].

Йүсүп Баласағунидің «Құтадғу билиг» еңбегінде хадистің алатын орны

Түркі мәдениетінің тілі мен әдебиетінде айрықша орны бар «Құтадғу билиг» шығармасы Қарахан дәуірінде 1069-1070 жылдары Әбу Әли Хасан ибн Сүлеймен Арслан ханға (1056-1102) тарту ретінде жазылған баласағұндық Йүсүп Хас Хажибтің еңбегі болып табылады. Жетпіс үш тараудан тұратын бұл еңбектің негізгі түпнұсқасы 6425 шумақтан құралады, ал қосымша енгізулерді қосқанда 6645 шумақты құрайды [2].

«Құтадғу билиг» шығармасының алғашқы шумақтары Аллаһтың атымен басталады.

Байат аты бирле сөзүг башладым
Төрүтген игидген идим (124 шумақ).
«Тәңір атымен сөз бастадым,
Жаратқан да, өсірген де Раббым!».

Йүсүп Баласағуни еңбегін бастар алдында жоғарыда келтірілгендей, «Бісміллә» сөзімен бастап отыр. Бұл ислам әдебиетінде дәстүрге айналған үрдістердің бірі. Пайғамбар да (с.ғ.с.) хат жазғанда үнемі бісмілләмен бастап жазатын.

Төмендегі хадис Баласағунидің өз еңбегін бісмілләмен бастауына негіз болса керек: «فيه بسم الله فهو أبتر كل أمر بال ذي لا يبدأ» (Куллу әмрин зи бәлин лә ябдә-у фиһи бисмилләһи фә-hууа әбтәру) «Аллаһтың атымен басталмаған әр маңызды іс берекесіз және нәтижесіз болады» [3, 505]. Хадис кітаптарында бұл хадистің басқа да нұсқалары кездеседі: «كل كلام لا يبدأ فيه بحمد الله، فهو أجذم» (Куллу кәләмин лә ябда-у фиһи бихамди Аллаһи фә-hууа әжзәму) «Хамд (Аллаһқа мақтау) айтумен басталмаған әрбір сөз берекесіз» [4, 34].

Негү билге тилве билиг қадрини
Билиг қайда булса билиглиг алыр (473 шумақ).
«Білімнің қадірін мәңгүрт білсін қайдан,
Білім қайда болса да білімді оны алады». Ал хадисте: «الحكمة ضالة المؤمن فحيث وجدها أخذها فهو أحق بها» (әл-Хикмәту даллату әл-мумини фә-хайсу уәжәдәһә әхәзәһә фә-hууа ахаққу биһа) «Хикмет мүминнің жоғалған заты секілді, оны қай жерден тапса алсын, өйткені ол оған тиесілі». Бұл хадисті имам әт-Тирмизи рауилерінің, яғни хадисті жеткізуші кісінің әлсіз болуына байланысты «ғариб» хадистер санатына жатқызған.
Бұ йаңлыг болур бу киши едгүсі
Киши едгүсі ол будун йүдгүсі (543 шумақ)
«Адамдардың жақсысы осындай болар,
Халықтың жүгін жеңілдеткен адамдардың ең жақсысы». Бұл шумақтың хадистердегі баламасы мынадай: «خير الناس من ينفع الناس» (Хайрун ән-наси мән янфағу ән-наса) «Адамдардың арасындағы ең қайырлысы, өзге адамдарға пайдалы болғандары» [5, 171].
Елиг айды Ай толды йуме серин
Иг ол бу йазуқларка йулғы йарын (1107 шумақ).
«Ай толды, асықпағын сабырлы бол,
Ауру-сырқау күнәңа ертең кәффарат ол».
Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жұбайы Айшадан жеткен деректе Пайғамбар (с.ғ.с.) былай дейді: « ما من مصيبة تصيب المسلم إلا كفر الله بها عنه حتى الشوكة يشاكها» (Мә мин мусибәтин тусибу әл-муслимә иллә каффара Аллаһу биһә анһу хатта әш-шәукәтә юшәәкуһа) «Мұсылманның басына келген қандай да бір пәлекет пен ауру, оның күнәларына кәффарат болады, тіпті аяғына батқан тікеннің өзі» [6, 700].
Туз етмекни кең тут кишик итүр,
Киши айбы гөрсе сен ачма итүр (1328 шумақ).
«Тұз бен наныңа кең бол, жақсылығын асыр,
Біреудің кемшілігін көрсең ашпа, қайта жасыр».
Йүсүп Баласағунидің бұл шумақтары Пайғамбардың мына хадисін еске түсіреді: «ستره الله يوم القيامة من ستر أخاه المسلم في الدنيا فلم يفضحه» (Мән сәтәра ахаһу әл-муслимә фи әд-дуния фә-ләм яфдахһу сәтәраһу Аллаһу яума әл-қиямәти) «Кімде-кім бұл дүниеде мұсылман бауырының әлдебір айыбын жасырып, оны әшкерелемейтін болса, Аллаһ тағала да ақыретте оның айыптарын жасыратын болады» [7, 188].
Увутлуг киши қылмаз исиз иши,
Йарапсызқа йақмаз бұ сермез кишиг (2445 шумақ).
«Ұятты адам ағаттық қылмас, ынғайсыз істер жасамас,
Әдепсіздік те, дөрекілік те етпес». Сондай-ақ осыған мағыналас мына шумақтарда былай делінеді:
Увут болмаса ер отун ел болур
Увут бирле йалыңғуқ бүтүнлүк қылур (2622 шумақ).
«Ұяты болмаса ер жігіт арсыз болар,
Ұятты адамның әр ісі дұрыс болар.
Бұл шумақтар Пайғамбардың мына хадисінің түсініктемесі іспеттес: «إن الحياء لا يأتي إلا بخير» (Иннә әл-хая-ә лә я-ти иллә бихайр) «Расында ұят игіліктен басқа ештеңе әкелмейді» [8, 264].
Киши ики түрлүг киши атанур
Бири өгретигли, бири өгренүр.
«Екі түрлі адамды адам дейді,
Бірі үйретуші, бірі үйренуші».
Икиде нару барча йылқы сана
Тилесе муны тут, тилесе аны.
«Бұл екеуінен басқасын жылқыға бала,
Екеуінің қайсысын қаласаң соны таңда» (3217 шумақ).
Бұл шумақтар Пайғамбардың мына сөздерінің айна-қатесіз аудармасына ұқсайды: «ذلك همج لا خير فيه الناس عالم و متعلم و ما بين» (ән-насу алимун мутағаллимун уә мә бәйнә зәлика һамажун лә хайра фиһи) «Нағыз адамдар білім үйретушілер мен оны үйренушілер, ал бұдан өзгелерінде ақыл да, қайыр да жоқ» [9, 106].
«Құтадғу билиг» бәйіттерінде келтірілген хадистер сарыны бұлар ғана емес, әрине. Бұл еңбекті зерттеуші ғалымдар бірнеше хадистің кездесетінін алға тартады. Тіпті 55-ке жуық хадистің сілтемесін тапқан зерттеулер де бар. Алайда олардың көбісі хадистің нақты баламасы емес, тек ұқсас ойды қамтитын шумақтар болып табылады [10, 127-180].

Махмұт Қашғаридің еңбектерінде хадистің алатын орны

XI ғасырда өмір сүрген түркі ойшылы, ғұлама Махмұд Қашғаридің «Диуану луғат ит-турк» атты еңбегі де өте мәшhүр. 1072-1074 жылдар аралығында жазылған бұл еңбек Бағдаттағы Аббаси халифасы әл-Мұқтади Билләh әміршіге тарту етілген болатын. Бұл еңбектің қолжазба нұсқасының жалғыз көшірмесі Түркияның Фатих Миллет кітапханасында 1910 жылы табылды. Бұл еңбекте түркі тілінің грамматикасымен қоса түркі жерлерінің (географиялық) атаулары, түркі таңбалары, сондай-ақ түркі халықтарының мәдениеті жайында кеңінен мәліметтер келтіріледі.

Негізінен энциклопедиялық сөздік болып табылатын бұл еңбекте шамамен 8000-ға жуық сөздер мен ұғымдарға талдау жасалады. Мағыналары ұғымдырақ болуы үшін мақал-мәтелдер мен өлең-жырларға тоқталғандығын және Құран аяттары мен хадистерге де айрықша мән бергенін кездестіруге болады. Осы тұрғыдан алғанда еңбек үлкен білім қазынасы болып табылады. Күннің шығыстан туып, батысты орайтыны секілді, ғылым мен білімнің де шығыстан шығып, батысты баурағандығының бірден-бір дәлелі осы болса керек.

Махмұт Қашғари өзінің еңбегінде Пайғамбардың түркі халықтары жайында айтқан хадисінің мағына түріндегі риуаяттарын келтіреді: «*Мен Бұхараның сенімді имамынан және Нисабурдің бір имамынан да естідім. Пайғамбарымыз ақыр заман бүліктері жайында айта келе «Түрік тілін үйреніңдер, өйткені олардың қолында ұзақ уақыт билік болады*», – деді. Бұл сөз дұрыс болса обалы өздеріне, түркі тілін үйренулері керек болады. Егер бұл сөз (хадис екендігі) жалған болса, бәрібір ақыл да осыны айтады (яғни ақылды адам түрік тілін үйренуі керек) [11, 243].

Дегенмен бұл Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың айтқан сөзі емес. Хадис ілімінде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға телінгенімен, алайда ол айтпаған сөздер мен істерді «маудуғ хадис» деп атайды. Жоғарыдағы түріктердің ұзақ билігіне қатысты хадис осы маудуғ хадис (жалған хадис) тобына жатады. Ол туралы Диуанды түрік тіліне аударған Басим Аталай да айтқан [12, XVII-XVIII].

Сондай-ақ Қашғарлы Махмұт түрік сөзі жайындағы бапта ибн Әбу Дунияның «Ахиру әз-заман» атты еңбегіне сілтеме жасай отырып, мынадай бір қудси хадис келтіреді: «*Менің Түрік деп аталатын, шығысқа орналастырған әскерім бар. Бір қауымға ашуланған кезімде оларды сол қауымға тап қыламын*» [13, 292].

Алайда бұл хадис сын көтермейтін, әлсіз, тіпті ойдан шығарылған болу ықтималы бар деректер арасынан орын алған. Дегенмен Пайғамбардан түркілер жайында өзге де хадистер жеткізіледі. Мысалы: «واتركوا الترك ما تركوكم» (Уә утруку әт-турка мә таракукум) «Түркілер сендерге тиіспейінше сендер де тиіспеңдер!» [14, 43].

Бұл хадистің ғалым ибн Хиббан сәнәдінде (тізбегінде) хадисті ойдан құрастырумен аты шыққан Мәсләмә ибн Хафс әл-Әсәди бар. Әбу Дәуіттің тізбегіндегі Әбу Сукәйнә есімді кісі де сенімділігі әлсіз рауилердің бірі. Дәл осы хадисті өзінің «әл-Маудуғат» (құрастырылған хадистер) атты еңбегіне енгізген әл-Фәттәни оның ойдан шығарылғандығын алға тартады. Али әл-Қари де (1014) ойдан шығарылған хадистер жайында анықтама бере келе, «түріктерді, мәмлуктерді жамандаған хадистерді» сол санатқа жатқызады. Атақты хадис ғалымы Хайсами де бұл хадиске ойдан шығарылған деген пікірге тоқталады.

Алайда бұл хадис кітабы болмағандықтан, яғни әдеби еңбектің бірі болғандықтан хадистердің дұрыс-бұрыстығына емес, ондағы айтылған мағынаға көбірек мән берілген. Диуаннан бас-аяғы төрт хадистің мәтінін кездестіруге болады.

Бұдан өзге Қашғариде Пайғамбар хадистерінен шабыт алып жазылған көптеген нақыл сөздер кездеседі. Мысалға,

Қонақты қарсы алғын, асыңды күттірме,

Қуана жар салғын, бір затын зыттырма [15, 528].

Қазақ халқы – қашан да қонақ келсе, ішкен асын жерге қойған халық. Мұның себептерінің бірі ретінде Пайғамбардың хикметті өсиеттерінің әсерінен туса керек. Айталық Әбу Һурайра Пайғамбардың мынадай хадисін жеткізеді: «مَنْ كانَ يُؤمنُ باللّه واليَوم الآخِر فَلْيُكرمْ ضَيفَهُ» (Мән кәнә юмину билләhи уә әл-яуми әл-әхири фәл-юкрим дайфаhу) «Кімде-кім Аллаhқа және ақырет күніне иман келтірген болса, қонағына сый көрсетсін!» [16, 287].

Кітаптың көшірмесін жазған Мұхаммед ибн Әбу Бәкір ибн Әбил-Фатх Қашғарлы Махмұттың өз қолжазбасын мына сөздермен тамамдағанын алға тартады: Кітап төрт жүз алпыс төртінші жылдың «Жумәду әл-улә» айының алғашқы күні (1072 жылдың 25 қаңтарына тура келеді) жазыла басталды. Төрт рет түзетілгеннен кейін төрт жүз алпыс алтыншы жылдың «Жумәду әл-ахира» айының онынші күні (1074 жылдың 10 ақпанына тура келеді) дүйсенбі күні тамамдалды. **Барлық күш-құдірет Ұлы, Асқақ Аллаhқа тән. Ол жалғыз панамыз!** Осы соңғы сөйлем Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың жиі тіліне оралатын дұғаларының бірін еске салады:

«لا حول و لا قوّة إلّا بالله حسبنا الله و نعم الوكيل» (Лə хаулə уə лə қууата иллə биллəhи хасбуна Аллаhу уə ниғмə əл-уакил) «Аллаhтан өзге күш-қуат жоқ. Ол неткен көркем. Қамқоршы әрі пана!».

Ахмед Йүгінекидің «Ғибат-ул хақаиқ» еңбегінде хадистің алатын орны

Ахмед Йүгінекидің де еңбектерінен Пайғамбар хадистерінен бірнеше мысалдар келтіруге болады. Мысалы,

Билиг инд усанма бил ол хақ Расул,

Билиг чинде ерсе сиз арқаң теди (103-104 шумақтар).

Білімді ізде жалықпа, біл хақ Расул,

Білімді Қытайда болса да ізденде, – деді.

Бұл шумақтар Пайғамбар хадисінің баламасы болып қана қоймай, оның Пайғамбар хадисінен алынған даналық екендігі шумақтың өзінен-ақ анық байқалып тұр. Хадистің түпнұсқасы мынадай: «اطلبوا العلم و لو بالصين فإن طلب العلم فريضة على كل مسلم» (Утлубу əл-илма уə ləу бис-син. Фə-иннə талабу əл-илми фаридатун ала кулли муслимин) «Ілімді Қытайда болса да алыңдар, өйткені білім алу әрбір мұсылманға парыз» [17, 253].

Ғалым ибн Хажар əл-Асқалани «Лисəн əл-араб» атты еңбегінде аталмыш хадисті хадис жеткізуші адамдардың кейбірінің сенімсіздігіне орай әлсіз (даъиф) деп таныған. Дегенмен, халық арасында кең танымал болғандықтан және көпшілік арасында көп айтылатындықтан, хадистер санатынан орын алды деп айтуға болады.

Бу йалған сөз иг тег көни сөз шифадур (163 шумақ).

Жалған сөз – сырқат, дұрыс сөз көңілге шипа.

Келтірілген шумақтағы сөзді кейбір ғалымдар Пайғамбар айтқан хадистердің санатына жатқызғанымен, көпшілік ғалым араб әмсалдарының (мақал-мәтелдер) бірі ретінде қабылдайды. Мысалы, дəл осы мағынада мынадай нақыл сөз тараған: «الكذب داء الصدق شفاء» (əл-кəзибу дə-ун, ас-сидқу шифə-ун) «Өтірік сөз ауру, шын сөз шипа» [18, 37].

Саңа сандуғуң тек мусулманқа сан! (326 шумақ).

Шумақты «Өзіңе ойлағаныңды мұсылманға да ойла!» деп аударуға болады. Бұған мына хадис мәтінін келтіреміз: «أحب للناس الذي تحب لنفسك» (Ахиббə лин-наси əлləзи тухиббу линəфсик) «Өзің үшін қалаған нәрсеңді басқалар үшін де қала!» [19, 428].

Сондай-ақ бұл шумақтың мағынасына келетін тағы бір хадисті келтіруге болады. Ол: « لا يُؤْمِنُ أَحَدُكُم حَتّى يُحِبّ لأَخِيهِ مَا يُحبّ لِنَفْسِهِ» (Лə юмину ахадукум хатта юхибба лиахиhи мə юхиббу линəфсиhи) «Сендердің қайсыбірің өзі үшін қалаған нәрсесін өзге мұсылман бауыры үшін де қаламайтын болса, шын мұсылман болып саналмайды!» [20, 114].

Харам ерсе малың азат ол соңы

Хисаб ол егер болса малың халал (427-428 шумақтар).

Харам болса тапқаның азап соңы,

Адал болса есебін берерсің тағы.

Бұл шумақтар да Пайғамбардың мына хадисінің аясында айтылғандай: «بالدنيا حلالها حساب و حرامها عذاب يا بن آدم ما تصنع» (Я, бəни Əдама мə таснағу би əд-дуния халалуhə хисəбун уə харамуhə азабун) «Ей, Адам баласы! Дүниеде жасағандарыңның халалының есебін бересіңдер, харамының азабын көресіңдер!» [21, 436]. Бұған қосымша ретінде төртінші халифа болған əзіреті Алиден дүние тіршілігі жайында қысқа ғана сипаттап берші деп сұрағанда, оның жауабын: «Халалының есебі, харамының азабы бар» деген дерек жеткен [22, 371].

Ахмед Йүгінеки 256 шумақтан тұратын бұл еңбегінде Пайғамбарға тиістіре отырып 19 шумақ келтіреді және оның қайнар көзі болып табылатын 19 хадисті арабшасымен қоса келтірген [23, 88].

Қожа Ахмед Йасауидің еңбектерінде хадистің алатын орны

Үмбет болсаң ғаріптерге қамқор болғын,

Аят пенен хадис естісең құлақ салғын, – деп нақыл айтқан Қожа Ахмед Йасауидің «Диуан əл-хикмет» шығармасында хадистер көптеп кездеседі. Ол хадистерден сыр шертіп қана қоймай, айтылған ойдың авторы ретінде Пайғамбарға сілтеме жасай отырып «Расул айтты, Мұхаммед деді» деген сөздермен айшықтайды. Мысалы, өтірік сөйлеу жайында:

«Əл-кəззəбу лə уммəти» деді білгін Мұхаммед,

Жалған сөзді қауымын үмбет демес Мұхаммед.

«**Əл-кəззəбу лə уммəти**» деді Сəруар,

Бұл сөздерге жол беруші Һəди Пəруар.

Өтірікшіні үмбет демес ол Пайғамбар,

Келің жиыл зəкир құлдар зікір салыңдар.

Хадис жинақтарынан «Өтірікші үмбетім емес» деген мәтінді дәл сөзбе-сөз кездестіре алмадық. Алайда хадис мәтінін апокрифтік, яғни ойдан шығарылған хадис деп те айта алмаймыз. Өйткені Пайғамбардың ізгі өсиеттерінде жалған сөз бен өтірікшілік үлкен күнәлар қатарына жататыны сөзсіз. Өтірікші адамды нағыз мұсылман деп айту шынында да өте қиын. Сонымен қатар атақты Имам Мәліктің «әл-Муатта» атты хадис кітабында осыған ұқсас мәтінде мынадай хадис келеді: «Сафуан ибн Сулеймм былай дейді: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мүмин қорқақ бола ма?» – деп сұрадық. «Иә» деді ол кісі. «Ал сараң бола ма?» деп едік, тағы да «Иә» деді. Біз «Өтірік ше, өтірік айта ма?» деген едік, «Жоқ!» – деді» [24, 190]. Сонымен қатар мына мағынадағы хадисті де келтіретін болсақ, хадисте: « إياكم و الكذب فإن الكذب مجانب الإيمان» (Иякум уә әл-казиба, фә-инна әл-казиба мужанибу әл-иман) «Өтіріктен сақ болыңдар, өйткені өтірік иманнан ұзақтатады» [25, 207].

Йасауи шығармасында ең көп қозғалған тақырыптың бірі түнгі құлшылық болып табылады. Мысал ретінде мына шумақтарды бере кетелік:

Құл Қожа Ахмед, хақтың атын есте сақта,
Хақтан қорқып, тынбай жылап, түнде жатпа.
Намаз оқып тұт ораза әр ақшамда,
Солай болып мұратыма жеттім міне (55 шумақ).
Сондай-ақ,
Күндіз-түні тағат қылды сейіт жатпай,
Жемей-ішпей көркем мінез қылды жастай.
Үммет үшін қайғы менен толды ұйықтамай,
Расулуллаһ табиғатын білмеймісің?
Таң атқанша **екі аяқ тәмам істі** (ісіді),
Ата-ана Ибраһимнен дағы асты.
Үммет тілеуін тілеп қайғы басты,
Ей, шейхтер, көріп ғибрат алмаймысың?

Бұл шумақтар пайғамбардың үмбетінің тілеуін тілеп, қалай түндерін құшылықпен өткізгендігін баяндай отырып, өзін ұлық шейх, көсем деп есептейтіндерді осыдан сабақ алуға шақырады. Бұл шумақтарға негіз болған хадиске келер болсақ, Айша анамыз пайғамбардың түндерін аяқтары іскенше тұрып намаз оқитынын жеткізген. Айша ана «Неліктен мұнша таусыласыз? Аллаһ сіздің өткен және болашақ күнәларыңызды кешірді емес пе?» дегенде, пайғамбар: «أفلا أكون عبداً شكوراً» (Әфәлә әкуна абдан шакуран) «Шүкіршіл құл болмайын ба?» – деп жауап береді [26, 339]. Және осы сынды түнгі құлшылықтарға шариғат терминологиясында «таһажжуд» намазы деп аталады. Бұл намаз пайғамбарға (уажіб) міндет болса, мұсылман үмбеті үшін сауабы мол нәпіл намаздың бірі. Йасауидің меңзегені де осы болса керек.

Үлкен-кіші жарандардан әдеп кетті,
Әлсіз ұлдар мен қыздардан ұят кетті.
Ұят иманның белгісі деген Расул,
Ұятсыз қауым ғажайып болып кетті (89 хикмет).

Көптеген хадис кітаптарында иман, ар, ұят жайында кеңінен тоқталған. Қожа Ахмед Йасауи бабамыздың да шумақтарында ар-ұятқа байланысты тоқталуы мынадай хадистер негізінде туындаса керек. Ең көп хадис жеткізуші сахаба Әбу Һурайраның нақыл етуі бойынша Пайғамбар былай дейді: «الإيمان بضع و ستون شعبة و الحياء شعبة من الإيمان» (әл-иману бидғун уә ситтуна шуғбәтән уә әл-хая-у шуғбәтун мин әл-иман) «Иманның алпыстан астам тармағы бар, ал ұят – иманның бір тармағы» [27, 24].

Келтірілген мысалдарға қарай отырып, жалпы көне түркі әдеби туындыларда Пайғамбар хадистерінің алатын орны зор деп айтуға болады. Әрі аталмыш туындылар X-XII ғасырлардан кейінгі келген ғұлама-даналардың еңбектеріне де өз ықпалын тигізгені сөзсіз. Тіпті кешегі XIX ғасыр ақын-жыраулары мен қазақ зиялыларының еңбектерінен де Құран аяттар мен хадистерді қолданудың дәстүрін кездестіру қиын емес. Бұлардың барлығы арнайы зерттеуді талап етеді.

Сонымен қатар түркі көне әдебиеттерде тек қана діни және тәрбиелік мағынадағы шумақтарды ғана емес, мақал-мәтел мен қанатты сөздерге де хадистерден үзінді келтірілгенін көре аламыз. Атап айтқанда, ондағы қолданылған хадистердің бір бөлігі діни-сопылық бағытта болса, бір бөлігі әдеби құндылықтағы хадистер болып табылады.